

Келісілді

«Уәлиханов ауданының
білім бөлімінің»
басшысы



А.Ө.Әубәкіров

Бекітемін

«Күншуақ» бөбекжай
бақшасының
КМКК меңгерушісі



Р.К.Муканова

«25» тамыз 2023ж.
№ 1 пед кеңестің шешіміне

*2023-2024 оқу жылына арналған
«Күншуақ» бөбекжай бақшасының
КМКК
жұмыс оқу жоспары*

Түсінік хат

«Күншуақ» бөбекжай бақшасы КМҚК жұмыс оқу жоспарын әзірлеуде төмендегі нормативтік-құқықтық құжаттарды басшылыққа алды:

1. «Қазақстан Республикасының Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 27.07.2007ж. №319–III (өзгертулер мен толықтырулар енгізілген 03.09.2023ж. №-VI);
2. «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» 11.07.1997ж. №151 Қазақстан Республикасының Заңы (өзгертулер мен толықтырулар енгізілген 24.05.2018ж. №156-V);
3. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» 08.08.2002 ж. №345-II Қазақстан Республикасының Заңы (өзгертулер мен толықтырулар енгізілген 07.07.2020ж.);
4. «Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы «Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі № 306 Заңы;
5. «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2019ж.27 желтоқсандағы № 293-VI ҚРЗ.
6. Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі. ҚР Кодексі 2015ж.23 қарашадағы №414-VҚРЗ (2016ж.6 сәуірдегі № 483-VҚРЗ өзгерістермен)
7. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздер туралы» ҚР 2007жылғы 4 маусымдағы №258 Конституциялық Заңы.
8. «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы» ҚРЗ 2015ж31 қазандағы №379- V ҚРЗ.
9. «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзету арқылы қолдау туралы» ҚР 2002ж.11 шілдедегі №343 Заңы.
- 10.Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын бекіту туралы ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 2023жылғы 21 шілдедегі №224 бұйрығы.
- 11.«Білімді ұлт»сапалы білім беру» Ұлттық жобасын бекіту туралы»ҰРҰ 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 Қаулысы.
- 12.«Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін бекіту туралы»ҚРҰ 2021жылғы 15 наурыздағы № 137 Қаулысы.
- 13.«Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі,орта,техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы»ҚРҰ 2023жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы.
- 14.«Мектепке дейінгі, бастауыш,негізгі орта,жалпы орта,техникалық және кәсіптік,орта білімнен кейінгі білім беру,мамандырылған,арнаулы білім,жетім балалар мен ата анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға

арналған білім беру ұйымдарында,балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы»ҚР Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы.

- 15.«Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы»ҚРБ және ҒМ 2020жылғы 19 маусымдағы № 254 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022жылғы 18 қарашадағы №464 бұйрығы.
- 16.«Білім беру ұйымдары түрлерінің номенклатурасын бекіту туралы»ҚР БҒМ 2013 жылғы 22 ақпандағы №50 бұйрығына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР БҒМ Министі м.а. 2016жылғы 29 желтоқсандағы №726 бұйрығы.
- 17.«Білім беру мониторингін жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы»ҚРБҒМ 2014жылғы 12 қарашадағы №459 бұйрығы.
- 18.«Білім беру мониторингінің шеңберінде әкімшілік деректер нысандарын бекіту туралы»ҚР БҒМ 2012 жылғы 27 желтоқсандағы №570 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы ҚР Оқу ағарту министрінің 2023 жылғы 18 сәуірдегі №103 бұйрығы.
- 19.«мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың,бастауыш,негізгі орта,жалпы орта,техникалық және кәсіптік,орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы.
20. «ҚР Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығы.
- 21.«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ министрі м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығы.
22. «Орта,техникалық және кәсіптік,орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы»ҚР БҒМ 2020жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы № 382 бұйрығы.
- 23.«Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығы.
24. «Міндетті медициналық қарап-тексерулерге жаттатын нысаналы топтарын,сондай-ақ оларды жүргізу тәртібі мен мерзімділігін,зертханалық және функционалдық зерттеулердің көлемін,медициналық қарсы көрсетілімдерді,зиянды және қауіпті өндірістік факторлардың,жұмысқа орналасқан кезде орындау кезінде міндетті алдын ала медициналық қарап-тексерулерден және мерзімдік міндетті медициналық қарап-тексерулер жүргізілетін кәсіптер мен жұмыстардың тізбесін және «Алдын ала міндетті медициналық қарап-тексерулерден өткізу»мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларын бекіту туралы»ҚР Денсаулық сақтау министрінің.....

25. «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 9 шілдедегі № ҚР ДСМ 59 бұйрығы.
26. «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жихазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» ҚРБҒМ 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы ҚРБҒМ 2022 жылғы 7 маусымдағы № 265 бұйрығы.
27. «Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге, балаларға қосымша білім беруге және техникалық кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы № 381 бұйрығы.
28. Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы. ҚРБҒМ 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығы.
29. «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидалары» ҚРБҒМ 2016 жылғы 28 қаңтардағы өзгеріс енгізу туралы. ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 қазандағы № 415 бұйрығы.
30. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімінің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» ҚРБҒМ 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы. ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 533 бұйрығы.
31. «Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы» ҚРБҒМ 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығы.
32. «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдарын қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» ҚРҰ 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысы.
33. «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің террористік тұрғыдан осал объектілері мен білім және ғылым саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерді терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» ҚРБҒМ 2022 жылғы 30 наурыздағы № 117 бұйрығы.
34. «Мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарын бейнебақылау жүйелерімен жарақтауға стандарттарды және оларға қойылатын талаптарды

бекіту туралы»ҚР Ішкі істер министрінің 2019 жылғы 23 қаңтардағы №49 және ҚРБҒМ 2019 жылғы 23 қаңтардағы № 32 бірлескен бұйрығы.

35. «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы»ҚРБҒМ 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы ҚРБҒМ 2022 жылғы 31 наурыздағы № 121 бұйрығы.

36. ҚР мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2022-2023 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хат.

«Балаларды ерте дамыту институтының «Ғылыми-әдістемелік кеңесінің шешімімен ұсынылады.

Барлық жас ерекшелігі бар топтар санитарлық - гигиеналық нормалар мен ережелерге сәйкес келеді. Ішкі тәртіп бойынша бөбекжай бақша қазіргі үнемі өзгеріп отырған заманға бейімделуге қабілетті баланың жеке тұлға ретінде қалыптасып, дамуына жағдай жасайды. Білім беру саласының мазмұнын оқып-үйренуге бөлінген ұйымдастырылған іс әрекетінің саны мен көлемі оқытудың жас ерекшелік сатысының нақты базистік жоспарының саны мен көлеміне сәйкес келеді. Яғни күн сайын кіріктірілген іс әрекеттер негізінде құрастырылған. Апталық жүктеме берілген нормадан аспайды. Тәрбиеленушілердің апталық оқу жүктемесінің рұқсат етілетін максималды көлемі мен ұйымдастырылған іс әрекеттің ұзақтығы бала денсаулығының және психикасының мүддесін қорғау негізінде ойын түрінде енгізіледі.

Үлгілік оқу бағдарламаның басым бағыттары:

- Ненің “дұрыс” және ненің “бұрыс” екенін түсінуді;
- -сыпайы және мейірімді болуды;
- -дос болуды, құрметтеуді, көмектесуді, бөлісуді.
- -қызығушылық танытуды, қоршаған әлемді бақылауды және зерттеуді;
- -тыңдауды, түсінуді және саналы сөйлеуді;
- -қауіпсіз мінез-құлық ережелері мен салауатты әдеттерді сақтауды;
- -физикалық белсенділікке, соның ішінде белсенді қимыл ойындарын ойнауды;
- -өзі ойнауды;
- -ересектерге көмектесуді, еңбекқорлыққа;
- -ата анасына, достарына, туған өлкесіне деген сүйіспеншілік пен қамқорлық көрсете білуді, отбасын бағалауды;
- өзіне қамқорлық жасауға және ниетін білдіруге үйрету. (ойын арқылы жүзеге асыру керек.)

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының міндеттерін іске асыру мақсатында мектеп жасына дейінгі балаларда ұлттық салт-дәстүрлер мен жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік бағдарларды қалыптастыру, ата-аналардың жауапкершілігін арттыру және тәрбие процесіне белсенді тарту бойынша жұмыс жалғастырылады.

Баланың жақсылық жасауға баулитын, рухани-адамгершілік қасиеттерге тәрбиелейтін негізгі орта-отбасы болып табылады. Педагогтердің міндеті - ата-аналарға отбасында, ең алдымен, ата-бабалар қалыптастырған адамгершілік және рухани әдет-ғұрыптар мен құндылықтардың сақталуы және берілуі керек екенін, ата-аналар балаларды тәрбиелеуге жауапты және бала үшін отбасы – бұл тәрбие негізі, адамдарға, табиғатқа деген қарым-қатынас қаланатын әлем екенін түсінуге көмектесу. Балалардың құрдастарына мейірімді қарым-қатынасын дамытуға, адамдарға деген құрмет сезімін, игі істер жасауға ұмтылысын тәрбиелеуге ерекше көңіл бөлу қажет.

Нәтижелі жұмыс жасау үшін педагогтар мен тәрбиешілерге негізгі басшылыққа алынатын құжаттар бұл Мемлекеттік жалпыға міндетті Стандарты 03.08.2022 ж. №348 бұйрығымен бекітілген, Үлгілік оқу бағдарламасы 14.10.2022 ж. № 422 бұйрығымен бекітілген, және үлгілік оқу жоспары 09.09.2022 ж. № 394 бұйрығымен бекітілген. Ал оны іске асыру үшін жүргізілетін құжаттар ол 130 бұйрықтағы үш құжат-перспективті жоспар, циклограмма және мониторинг. Перспективті жоспардың басты мақсаты- үлгілік оқу бағдарламасының мазмұның іске асыру.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңартылған мазмұны:

- перспективалық жоспар (Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын іске асыруда (Мектепке дейінгі ұйымдарда перспективалық жоспар мен циклограмманы құрастыруға әдістемелік ұсынымдар (Әдістемелік ұсынымдар «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығының Ғылыми-әдістемелік кеңесінде қаралып, қолдануға ұсынылған (Астана қ. 2022ж.)

- апталық циклограмма (Мектепке дейінгі ұйымдарда перспективалық жоспар мен циклограмманы құрастыруға әдістемелік ұсынымдар (Әдістемелік ұсынымдар «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығының Ғылыми-әдістемелік кеңесінде қаралып, қолдануға ұсынылған, Астана 2022ж.);

Білім беру процесінің тиімділігі, сондай-ақ баланың даму динамикасы

- туралы ақ баланың даму динамикасы туралы ақпарат алу үшін диагностика негізінде Үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізіледі (Әдістемелік ұсынымдар «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығының Ғылыми-әдістемелік кеңесінде қаралып, қолдануға ұсынылған, Астана 2023ж.)

Білім беру салаларының бірлескен мазмұны төмендегі мәселелерді қамтамасыз етеді:

- біртұтас жүйе шеңберінде білім беру салаларының мазмұнын жүзеге асыру;

- баланың жеке тұлға болып қалыптасуы мен оның әлеуметке үйлесімді енуі.

Үлгілік бағдарламаның мазмұнын іске асыру балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескеріп оларды жан-жақты дамытуға бағытталған кіріктірілген ұйымдастырылған іс әрекеттер арқылы қамтамасыз етіледі.

БҰЙРЫҚ ПРИКАЗ

2022 жыл 9 қыркүйек № 394 Нұр-Сұлтан қаласы город Нур-Султан
«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы»

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

«Мектепке дейінгі тәрбие мен
оқытудың үлгілік оқу

жоспарларын бекіту туралы»

Қазақстан Республикасы Білім

және ғылым министрінің

2012 жылғы 20 желтоқсандағы

№ 557 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді

мемлекеттік тіркеу тізілімінде

№ 8275 болып тіркелген) мынадай өзгерістер

енгізілсін:

БҰЙЫРАМЫН:

1. Мыналар: 1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Бөбек жасындағы балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес Мектепке дейінгі ұйымдағы мектепалды топқа / мектептегі (лицейдегі, гимназиядағы) мектепалды сыныпқа арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (5 жастағы балалар) бекітілсін;

1, 2 және 3-қосымшалар осы бұйрыққа 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Мектепке дейінгі және орта білім беру комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген ішаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3.Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту вице-министріне жүктелсін.

4.Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2022 жылғы 1 қыркүйегінен бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады.

Лауазымы

Аты-жөні

Қазақстан Республикасы
Оқу –ағарту министрінің
2022 жылғы 9 қыркүйектегі
№ 394 бұйрығына

1-қосымша

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым
министрінің
2012 жылғы 20
желтоқсандағы
№ 557 бұйрығына
1-қосымша

Бөбек жасындағы балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары

Рет	Ұйымдастырылған іс әрекет	Жас топтары	
		ерте жас тобы (1 жастағы балалар)	кіші топ (2 жастағы балалар)
1	Дене шынықтыру	аптасына үш рет	аптасына үш рет
	Дене шынықтыру	күн сайын	күн сайын
2	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет	күн сайын	күн сайын
3	Сенсорика	күн сайын	күн сайын
4	Қоршаған ортамен таныстыру	күн сайын	күн сайын
5	Сурет салу	-	күн сайын
	Мүсіндеу	күн сайын	күн сайын
	Жапсыру	-	күн сайын

	Құрастыру	-	күн сайын
6	Музыка	аптасына бір рет	аптасына бір рет
	Музыка	күн сайын	күн сайын
7	Арнайы түзетуші іс-әрекет		

Ескерту:

*Ұйымдастырылған іс-әрекет - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, оның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдениәлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген сабағы. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығына 1-қосымша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына 1-қосымша 4

** Бөбек жасындағы балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді.

*** Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы ән айтуға, музыка тыңдауға, әндерді жаттатуға, импровизацияға, музыкамен ырғақты қозғалыстарға, шулы балалар аспаптарында ойнауға және музыкалық іс-әрекеттің басқа түрлеріне уақыт бөлінеді.

**** Арнайы түзетуші іс-әрекет арнайы мектепке дейінгі ұйымдарда, мектепке дейінгі ұйымдардың арнайы топтарында мүмкіндігі шектеулі балалар үшін жүргізіледі.

Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары

№ р/с	Ұйымдастырыл ған іс-әрекет	Жас топтары		
		орта жас тобы (3 жастан бастап)	ересек жас тобы(4жастан бастап)	

1	Дене шынықтыру	аптасына үш рет	аптасына үш рет	
	Дене шынықтыру**	күн сайын	күн сайын	
2	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет	күн сайын	күн сайын	
	Қазақ тілі	аптасына бір рет	аптасына бір рет	
	Қазақ тілі ***	күн сайын	күн сайын	
3	Сауат ашу негіздері	-	-	
4	Математика негіздері	күн сайын	күн сайын	
5	Қоршаған ортамен таныстыру	күн сайын	күн сайын	
6	Сурет салу	күн сайын	күн сайын	
	Мүсіндеу			
	Жапсыру			
	Құрастыру			
7	Музыка	аптасына бір рет	аптасына екі рет	
	Музыка ****	күн сайын	күн сайын	

Ескерту:

* Ұйымдастырылған іс-әрекет - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, соның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға

деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастырубойынша міндеттердііске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген сабағы.

**** Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді.**

*****Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауыз екі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту ұсынылады.**

****** Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы музыканы тыңдау, ән айту, әндерді жаттату, импровизация, ырғақты-музыкалық қимылдар, шулы балалар аспаптарында ойнау және басқа да музыкалық әрекеттерге уақыт бөлінеді.**

*****Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту ұсынылады.**

*****Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы музыканы тыңдау, ән айту, әндерді жаттату, импровизация, ырғақты-музыкалық қимылдар, шулы балалар аспаптарында ойнау және басқа да музыкалық әрекеттерге уақыт бөлінеді.**

******* Арнайы түзетуші іс-әрекет арнайы мектепке дейінгі ұйымдарда, мектепке дейінгі ұйымдардың арнайы топтарында мүмкіндігі шектеулі балалар үшін жүргізіледі.**